



**Еңбек жөніндегі инструктор  
еңбек терапиясы нұсқаушысы**

**Білім беру және тәрбиелеу**

Кәсіпорын: Коммунальное государственное учреждение "Центр социальной реабилитации лиц с инвалидностью "Алмалы" Управления координации занятости и социальных программ Атырауской области"  
Еңбекақы: 180 000 теңгеден бастап  
Толық жұмыс күні, тұрақты жұмыс, еңбек жағдайы қалыпты

**Бос жұмыс орны туралы ақпарат**

Аймақ	Атырау облысы / Атырау қ.
Жұмыс орны	Алмалы селолық округі, Алмалы селосы
Лауазымдық міндеті	<p>-Қызмет алушылармен еңбекке баулу әдістеріне сәйкес жұмыстар жүргізу; қызмет алушыларда еңбек дағдылары мен іскерліктерін, оларды іс жүзінде пайдалануды қалыптастырады. Қызмет алушыларды пайдалы еңбекпен шұғылдануға қатыстырады, олардың бойында еңбек етуге деген тілектері мен ұмтылысын дамытады. Олардың әртүрлі еңбек қызметтеріне қатысуына ат салысады. Азаматтардың бойында әртүрлі еңбек қызметтеріне қабілетін дамытады (тігуге, ас әзерлеуге, тоқуға, аяқ-киім жөндеуге, компьютерді пайдалануға және т.б.).</p> <p>-Қызмет алушыларды зерттейді, олардың бойындағы жеке ерекшеліктерін ескере отырып, еңбек дағдыларын анықтайды, мүмкіншіліктерінің дәрежесіне, физикалық және психикалық жағдайына сәйкес әр азаматқа жеке жоспар құрады.</p> <p>-Қызмет алушылардың кәсіптік дағдыларын барынша қалпына келтіруге ықпал жасай отырып, кәсіптік оңалту жұмыстарын жүргізеді. Қызмет алушылардың жеке қажеттіліктеріне сүйене отырып, жеке және әлеуметтік дәрежесін қалпына келтіруге ықпал ететін, қолайлы кәсіптік дағдыларға үйрету іс-шаралары жүргізіледі (жаңа бір немесе бірнеше мамандыққа). Қызмет алушылардың көпшілікке пайдалы еңбекті орындауларын ұйымдастырады, мүгедектердің жеке және әлеуметтік дәрежесін қалпына келтіруге ықпал ететін, өздері үйренген кәсіптік дағдыларын іс жүзінде пайдалануға дайындайды. Бұл іс-шаралар арнайы жабдықталған бөлмелерде жүргізіледі.</p> <p>-Қызмет алушының шамасына қарай еңбек дағдыларын анықтайды, құрастырады, ұмытылған тұрмыстық дағдыларды қалыптастырады. Дәрігерлердің (терапевт, невропатолог, реабилитолог, травматолог - ортопед) тағайындаулары мен кепілдемелеріне байланысты және психолог маманы мен әлеуметтік қызметкердің қатысуымен, азаматтардың бойында қалған еңбек мүмкіншіліктерін (дағдыларын) пайдалануға жағдай жасайды.</p> <p>-Қызмет алушылармен жүргізілетін іс-шаралар мен еңбек сабақтары уақытында, техника қауіпсіздігінің нормалары мен ережелер тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді.</p>

Бос жұмыс орындар саны 6

**Жұмыс іздеушіге талаптар**

Мамандық бойынша өтілі	1 жыл
Кәсіби дағдылар	Тәрбие іс-шараларын өткізу; Заманауи технологиялар мен оқыту әдістемелерін меңгеру; Оқу-тәрбие процесін жоспарлау және ұйымдастыру;
Білім деңгейі	техникалық және кәсіби
Меңгерген тілдері	Қазақ - жоғары деңгей Орыс - жоғары деңгей
Жеке қасиеті	Бейімділік; Күйзеліске тұрақтылық; Шыдамдылық; Ойлау икемділігі; Тәртіптілік; Мейірімділік; Парасаттылық;

**Кәсіпорын туралы ақпараттар**

Қызметкерлер саны 180  
Байланыстағы тұлға Каюпова Анар Маратовна  
Кәсіпорынның аймағы Атырау облысы / Атырау қ.  
Кәсіпорынның мекен-жайы село Алмалы, улица Бейбітшілік 89